

Отчет

о проведенных консультациях на тему «Молочная продукция лошадей» по направлению «коневодство»

Даты проведения:

с «19» сентября по «20» сентября 2024 года

Место проведения консультации:

(Мангыстауская область, Бейнеуский район, КХ «Медет», с. Бейнеу)

Проректор по науке
Исполнительный директор



Шәмшідін Ә.С.

Ғалимуллина М.Р.

Консультация бойынша есеп беру

1. Жылқы шаруашылығы қазіргі уақытта ет өнімімен қатар, өте емдік қасиеті бар қымызда жақсы береді. Биенің сүт өнімділігі өте жоғары келеді. Кеңес Одағы кезіндегі Қазақтың мал шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының кейбір мәліметтеріне сүйенсек, ауырсалмақты/қазақы будан биелер 9 айлық сауын маусымы барысында орташа есеппен 3108 л сүт өнімін берген, яғни тәуліктік сүт өнімі орташа есеппен 10,9 л; қазақы тұқымы 2761 л (тәулігіне 10 л), жақсартылған міністі тұқым биелері – 2268 л (тәулігіне 8,3 л) сүт берген. Басқаша есептесек, тәулігіне 70% сүт құлынның емуіне кетсе, шаруашылық бір сауын маусымында (лактация) әрбір биеден 500 л-ден 1000 л тауарлы сүт алып отырған.

2. Біріншіден, биенің сүт өнімділігі, оның тұқымына байланысты. Көптеген деректерге сүйенсек, биелердің сүт өнімділігін, биелерге бақылып сауу әдісі бойынша немесе бір айлық құлындардың тірілей салмағын анықтау арқылы зерттеген.

Бақылап сауу әдісін сауын маусымының әрбір айында 2 реттен жүргізеді, яғни әрбір айдың 1-2 –сі және 15-16 күндерінде. Ол үшін сауу уақыты мен сауылған сүт мөлшерін ескеріп отырады. Сауын күніне 4-5 рет әрбір екі сағат аралығында жүргізіліп тұрады.



Суретте – Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Медет» ш/қ Баймуналов Орынғали.

Сол кездегі алынған деректерді көретін болсақ, сәуір айында туған биелерді бір ай құлынның емуіне мүмкіндік беріп бір айдан кейін саууды бастаған жағдайдағы сүт мөлшері мынадай болады: маусымда – 13,5; шілдеде – 9,4; тамызда 11,4; қыркүйекте – 11,1; қазанда – 9,2 л сүт өндірілген.

Кейбір деректер бойынша жоғары сүт өнімін ауырсалмақты/қазақы будан биелер, одан кейін қазақы жабы биелер берген, ал міністі тұқымды биелер сүт аз бергенін айтады. Мұның себебін, міністі тұқым биелерінің азықтандыру мен күтіп-бағуды жоғары қажет етуімен салыстырады.

Осыдан қорытынды: қымыз фермаларында ауырсалмақты тұқымды биелер мен қазақы жабы биелерді үйреткен тиімді, ал, міністі жылқы тұқымдарының биелерінен тек сүтті биелерді таңдап алуды қажет етеді.

Деректерге сүйенетін болсақ, тоғыз айлық сауын маусымында бірінші 4-5 ай бойы тәуліктік сүт өнімі жоғары болады да, жазғы шөптің құрап, азаюына байланысты сүт өнімі азая беретінін көруге болады. Егер биелерді қосымша құнарлы жеммен қамтамасыз етіп отырған жағдайда (1-2 кг), көпке сүт өнімін бірқалыпты ұстап тұруға болатынын келтіреді.

